Бұл мақалада солақайбалалардың психологиялық ерекшеліктері және оған қатыстытуындайтын мектептік мәселелер қарастырылады. Солақайбалаларда әртүрлі мектептік қорқыныштар туындайды (мектептік сәтсіздіктер, жазу жұмыстарыалдындағы қобалжулар), бұлар әрине, солақайлыққа мазасыздана қарайтын ана-аналарға қатысты, ал олар баланың оқу әрекетінің жемісті болуына кедергі жасайды. Біздің көзқарасымыз бойынша ана-анаға және мұғалімге ыңғайлы болатындай бала тәбиғатын өзгертуге болмайды. Бұл жағдайдың бір жолы – солақайбалалардың ерекшелігімен санасу, білімі және оңқайларға бағытталған өмірге бейімделулеріне көмектесуіміз керек.

Тірек сөздер: солақай, солақайлық, оңқайлық, сол жақ мисыңары, оң жақ мисыңары, генетикалық солақайлық, компенсаторлық солақайлық, мәжбүрлік солақайлық, мектептік қорқыныштар

Адам өмір сүруінің бүкіл эволюциясында барлық адамдардан қандай да бір жеке ілімінен ерекшеленетін тұлғалар, мысалы айтар болсақ, солақайлар, қызығушылық пен таңқаларлықты тудырды. Көптеген зерттеушілер (психологтар, биологтар, физиологтар және т.б.) пікірінше жылдар бойы солақайлық феноменін зерттеу мен айналысты. Бірақ, осы күнге дейін солақайлыққа қатыстытуындайтын көптеген сұрақтарға жауап бере алмай келеді: солақайлық генетикалық ерекшеліктер ме, солақайларда оңқайларға қарағанда жеке-дара ерекшеліктер байқалады ма, солақайлар «оңқайлар» өміріне қалай бейімделеді.

Солақайбалаларды зерттеудің ерекшелігі, олар негізінде бірегей топ қажатпайды. Солақайлықтың баланың кейбір қасиеттерінің дамуына әсер етуші өзіндік себептері де байқалады. Сонымен қоса «жасырын солақайлық», - деген декездеседі екен. Барлығы осымен біткен жоқ. Баласақай болуы мүмкін, алайда барлық бітімімен солақай емес. Сондықтан «солақай» мен «солақайлықтың» айырмашылығын алдымен жіктеп, талқылап алу қажеттілігі туындайды [1]. Солақайлық қай қолмен көп жұмыс жасауымен анықталады, сонда ғана оған нақты анықтама бере аламыз, яғни оң жақ бассүйегінің белсенділігін (оң жаққа қарағанда, сол жақ бассүйектің белсенділігін танытуы) айтамыз. Сонымен қатар сіздің балаңыз барлық іс-әрекетті сол қолмен жасауды қаласа, онда сіз баланың солақай екендігін нақты айта аласыз. Тек онымен ғана анықтауға болмайды, енді алдымен баланың қай көзі бірінші қарайды, қай аяғы бірінші қимылдайды және қай жағымен бірінші бұрылады, осының барлығына мән беру қажет.

Солақай екенін байқау үшін белгілі біртест жүргізледі, бірақ тест жүргізбей-ақ оларды бақылау арқылы білуге болады, мысалы, спортпен айналысу кезінде. Бұл адамдар қосағзаларының бірімен ғана белсенді қимылдайды: бірағымен итеру, біркөзбен дәлдеу, қысу, ал біреуін орнында қалдыру, сөйлеген сөз дұрыс етілмей қалса, сол жақ бетімен бұрылу сияқты т.б.

Мектепке дейін балалармен жұмыс жасау, оларға белгілі бір қолмен жаздыру, үйрету өте қиынға соғады. Оларды солақай екеніне қарамастан, оларды кемсітпей, оларға оқуды оңқай қарай үйрету қажет.

Ендісолақайлықтыңболуытуралыкарастырыпкөрейік.Оларэртүрліболуымүмкін[2].Көбінесегенетикалы
қсолақайлықкездеседі.Бірақбұлсолақайлықтыңнегізгібелгісіосуақытқадейінбелгісіз,бірақәр10-
12отбасындасолақайлықкүрғандабірадамсолақайлықпенкездеседі.

Генетикалықсолақайлардыңнешеқандайауытқуыжоқболудаәбденмүмкін,ондаолдамудыңжекетүрі,яғни
нормағасәйкесдамудыбарбаладеугеболады.

Екіншітүрі-

бұл«компенсаторлықсолақайлық»,мидыңсолжақбөлігініңбаяулығынан,бұзылуынанпайдаболады.Бірақоң
қолдыңқимылынсолжақмибасқарады,егерқандайдабірсоққылғанболса,ондабаланыңоңжақбөлігіндеәсер
етеді.Мінеосындайжағдайдасолқолөзінебарміндеттіалады,яғнисолақайлықпайдаболады,солқолбелсендіж
ұмысжасайдыжәнежазбастайды.

Баланыңбіржақмибөлігініңзақымдалуы,баланыңдамудынаүлкенсептігінтігізеді.Бірақсолақайлыққандай
дабіркемтарлыққаәкеліпсоқтырадыекендепүзілді-кесілдішешімқабылдауғаболмайды.

Үшіншітүрі-

бұл«мәжбүрлісолақайлық».Солақайболудыңсебебі,кейдеоңқолдыңқаттыжарақаталуынан,яғниэртүрлізақ
ымданулардан,мысалы,күйіпқалудан,қолдыңхирургиялықтәсілменкесіліпталалуынант.бболуыдамүмкін.

Солақайлықтыжақсылапқарапалуқажет,баланыңбелгілібіржасаралығынадейінбақылап,сосыңқорытын
дышығарукерек.Албылайбұлқалыптыжағдай.Бірақпсихологиялықдамудыныңбұзылыпжатқанбалалардыда
жиікездестіреміз.Оныңдамудынанбаяулықбайқапжатсақ,ондаолбаланыңбірауытқушылығыпайдаболыпкел
ежатқандығынбайқауғаболады[3]

Бұлжағдайдабалалардыңсолақайболуынаолардыңбассүйекмибөлшектерініңбұзылғандығынайқынбайқ
ауғаболады.Баланыңекіқолмендежұмысынбақылауарқылығанабілеаламыз.Егердебалаңыздыңсолақай(нем
есеекіқолменжұмысжасайалу)екенінбайқасаңыз,ондакеректімаманғабарып,көмегінежүгінгеніңізбалал.Бір
азуақытдәрігер-психологтыңемінқабылдаса,балаешкіындық-
сызоңқолмендежұмысжасауыбелсендіболатүседі.Соныменқатар,балалардыңдамудында«жасырынсолақайл
ық»болудағажалемес,яғнимибөлшектерініңауысуы.Бұлауысуөтеқауіптікезең,жүйкежүйелерініңбір-
бірінеөткізуі,осындайүлкенқозғалыстансоңжақмибөлшегібелсенділіктанытабастайды.Мұндайжағдайда
адамдарды«психикалық»немесе«жасырын»солақайлықпайдаболабастай-
ды,олсолқолдыңжұмысыныңкөптігінайтамыз.Сонымен,бізтағыдасолақайбалалардыңтіптідебіркелкінемес
эртүрлістереотиптерарқылыбаланыжекедараөтіпшығаратынымыздыдәлелдедік.Мұндайжағдайдасолақай
ларменқалайжұмысжасаукерекдегенсұрақтуындайды.Біздіңойымызша,солақайларменэртүрліжұмыстарар
қылықарым-қатынасжасайотырыпқытып,үйретуімізқажет.

Ендісолақайлықтыңнегізгіпозицияларыментанысайық.

Қазіргітаңдакөптегенатағисолақайлықтуралықөзқарастарбар.

Бірінші,көптегендәлелдеулердесолақайлардыңжүйкежәнепсихикалықөзін-
өзіұстауыоңқайларғақарағанданашарлау.

Екіншіден,екіқолмендеіс-әрекетжасайалуарқылыбелгілінеді.

Үшіншіден,солақайлықбаланыңжүйкелік-

психикасынаөтеқаттыәсеретедіжәнеоғанүйренісіпкетудеқиынғасоғады.Ұлысолақайлардыңтізімі:римимпе
раторыТиберийжәнеЮлийЦезарь,қолбасшыларАлександрМакедонский,Наполеон,ғалымдарДж.К.Максве
лл,И.П.Павлов,суретшілерЛеонардодаВинчи,Микеланджело,жазушыларЛьюисКэрролл,актерЧарлиЧаприн
,соныменқоса,АҚШпрезидентіУ.Клинтонжәнеб.

Есімібелгіліқазақтардыңішіндесолақайларбаршылық.НұрғисаТілендиевтіңдомбыранысолқолымен
рататынынүйімқазақбіледі,халқымыздыңтұңғышмузыкатанушысыАхметЖұбанов,еліміз-
діңтанымалсуретшісіГүлфайрузИсмайловажәнеб.ЛондонОлимпиадасындаабыройымыздыасқақта-
тыпалтынмедальалғанСерікСәпиевтесолақайекен.

Австралиянейрофизиологиямемлекеттікуниверситетімамандарыныңпікірінеқарағанда,солқолменжұм
ысістейтіндердіңкезкелгенне рсегежауапқатуәрекетіоңқайларғақарағандажылдамекенже неолартапсырма
нытезтүсініп,тиянақтыорындайтынкөрінеді[4].Менойлаймын,солақайболғаныменоңқолдаөзәрекетіменкө
мекбередіжәнесонысыменбір-бірінтолықтырадыдеп.

Ресейлікғалымдарменэмоциялықсферағаиіссеэутәжірибесінжасалынғанболатын.Тәжірибе-
ніңқорытындысыбойынша,оңқайларсолақайларғақарағандаэмоциялықсезімгеберілгішболыпкеледіеке
н[5].

Балалардыңнақтысолақайекендігінанықтауүшінекіқолымендежұмысжасатқандұрыс.Солсебептіпсихол
огияда«жекепрофильлатералдыұйымдастыруфункциясы»(ПЛУ),яғнибұлсенсорлықжәнеоторлықсәйкестік
тібілдіреді.ПЛУ-ныңсеасыруүшінәдістерұйымдастырған.Олесттүріндегіәдісна-

аналардың солақай балаларымен жазуына көмек беруі, оларға солақайлық қиын болғанымен ерекше қабілетке ие болатынын түсіндіру, сақтап қалу;

7. Ешқашан солақайларға дөрекі сөйлеп, іс-қимыл жасамау керектігі [7].

Қорыта келе айтармыз біздің елімізде бірдей болмаушылыққа мойыну, оған түсіністікпен қарау өте қажетті. Қоғамдағы әрбірадалардың бойындағы қабілеттіліктер мен мүмкіншіліктерінашуға жағымды жағдайлар жасауға тырысуы қажет деп ойлаймыз, оларға арналған арнайы дәптерлер, дамытушы ойындар, қайшы құралдар біртіндеп көріне бастады, теледидардан 12 тамыз күні барлық солақайларды Халықаралық солақайлар күнімен құттықтады. Бізде оларға құрметпен қарап, олардың психологиялық ерекшеліктерімен санасатырып, барлық мүмкіндіктерді пайдаланайық дегіміз келеді.

1 Развитие мозга и формирование познавательной деятельности ребенка / под ред. М.М. Безруких, Д.А. Фарбер. - М.: Изд-во Моск. психол.-соц. ин-та; Воронеж: МОДЭК, 2009. - 132б.

2 Батталова А. Солақайларсыры // мақала 30.10.2010 ж., Мақаланың сілтемесі: <http://syrbayi.kz/-256>.

3 Айрапетян В., Чуприков А. Как быть левшой? // Семья и школа. 1986. №11, 102б.

4 Безруких М.М., Князева М.Г. Если левша ребенок левша. - М., 1994, - 77б.

5 Забрамная С.Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей. - М., 1995, - 69б.

6 Федосова Н.А. Обучение письму леворуких детей // Начальная школа. 1987. - №12, - 15б.

7 Томас Й. Вейс. Как помочь ребенку? - М., 1992, - 96б.

Резюме

В этой статье рассматриваются психологические особенности леворуких детей и возникновение трудностей, обусловленных обучением в школе. Леворуких детей нередко困扰 школьные страхи (перед неудачами в школе, перед письменными работами), как правило, в семьях, где родители тревожно относятся к леворукости и считают, что она может послужить препятствием к успехам в учебной деятельности. Все вышесказанное, на наш взгляд, убеждает в том, что нельзя пытаться изменить природу так, как удобно учителям и родителям. Вероятно, в этой ситуации лучший выход - приспособиться к особенностям леворукого ребенка с помощью его адаптации к праворукому миру.

Ключевые слова: леворукий, леворукость, праворукий, левое полушарие, правое полушарие, генетическое наследие, компенсаторное наследие, вынужденное наследие, школьные страхи

Summary

This article focuses on the psychological characteristics of left-handed children and difficulties arising due to schooling. In left-handed children are not uncommon school fears (of failure at school, before papers), usually in families where the parents are anxious left-handedness, and believe that it can serve as a barrier to success in learning activities. All of this, in my opinion, convinces us that we cannot try to change the nature as it is convenient for teachers and parents. Probably, in this situation the best way to adapt to the characteristics of left-handed child himself and help him adapt to the right-oriented world.

Keywords: left-handed, left-handedness, right-handed, left brain, right brain, left-handedness genetic, compensatory left-handedness, forced left-handedness, school fears

ӘОЖ: 13-053.81(574)

ҰЖЫМДАҒЫ ТҮЛҒА АРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ОНЫ JAҚCARTYДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Н.А. Кудушева –

Абай атындағы ҚазҰПУ, «Білім беру психологиясы және әлеуметтік коммуникациялар» кафедрасының аға оқытушысы,

А.О. Дүйсенбаева –

Абай атындағы ҚазҰПУ, «Білім беру психологиясы және әлеуметтік коммуникациялар» кафедрасының аға оқытушысы

Бұл мақалада ұжымдағы түлғааралық қарым-қатынас және оны жақсартудың жолдары қарастырылады. Еңбек ұжымындағы түлғааралық қатынасты психологиялық коррекциялау қазіргі кезде өзекті және аз зерттелінген мәселе қатарында. Мәселенің практикалық өзектілігі еңбек ұжымындағы түлғааралық қатынастағы туындайтын әртүрлі келеңсіз жағдайлар еңбектің нәтижесін көрсеткішінің төмендеуіне қатысты құралады.

Кілтсөздер: ұжым, түлғааралық қатынас, еңбек әрекеті, өзара түсінушілік, әлеуметтік-психологиялық ауауал

Қазіргі ХХІ ғасыр табалдырығында қоғамымыздың дамуы сан-салалы жақтардан хабары бар, өзгермелі жағдаяттарда бейімділігі жоғары тұрақталған түлғаны қажетсінумен бірге, адам әрекетінің қозғаушы күші ретіндегі қарым-қатынасты қалайды [1].

Қарым-қатынас – бұл әлеуметтік-

психологиялық құбылыс, олада өміріндегі көптеген рухани және материалдық құндылықтарды қамти отырып, оның өміріндегі ең жоғары қажеттіліктердің бірі. Дегенмен, бір қарағанда қарым-қатынас ұғымы баршағатанымал және қандай дамағыналық қиындықтармен байланысты емес көрінеді. «Қарым-қатынас» сөзімен біз кәсіби, жеке, шығармашылық және тағы басқа жалпы қызығушылықтардың төңірегінде пайдаланған қарапайым түсініктерді, яғни адамдардың бір-бірімен байланысын және қатынастарын; таныс немесе бейтаныс адамдармен кездесулерін; жеке қатынастарын түсіндіруге тырысамыз.

Адам қоғамда, өзін қоршағандамдар тобында өмір сүреді және дамиды, оның талаптарына сай өз пікіріменмінез-құлқын өзгертеді, топтың өзге қатынасушыларымен бірлескеніс-әрекеті қпалымен түрлі сезімдерді бастан кешеді. Алайда мұның барлығы өзге адамдармен ақпарат және толған ысалмасудан ғана болады, оларды жақсы тани отырып, біздің әрқайсысымыз қалай да болса қатынасақ түсеміз. Кеніс мағынада қарым-қатынас дегеніміз адамның жеке және әлеуметтік өмірінің міндетті шарты болып табылады. Адамдардың бірлескеніс-әрекеті ету процесінде адамның белгілі мінез-құлқы құлгісімен түрі қалыптасады. Бірте-бірте олар тұлғаның құрылымы мен астаып кетеді. Қарым-қатынас процесі барысында адам өзінің ішкі «Менін», сонымен қатар әлемнің бейнесін санасында қалыптастырады [2, 296].

Мұндағы негізгісі ұжым мүшелерін байланыстыратын әртүрлі қарым-қатынастар ішінен ерекше екі маңызды қатынас жүйесін ақты бөліп көрсетуге болады: іскерлік-қатынас, оладамдар арасында нақты қоғамдық функцияларды тасымалдаушы ретінде пайдаланады; және жеке-қатынас ол бірлескеніс-әрекеттегі ұнатуды және ұнатпау, өзінетартуды және тартпау тағы басқанегізінде қаланады. Бұл өзара қатынас жүйесі әртүрлі өзара тәуелділік және өзара ықпал ету мен тығыз байланыста болады, бірақ мұны ұқсас деп қарауға болмайды. Ұжым мүшелері арасындағы жеке қатынас аз зерттеліп келсе, сондықтан оны жылдары оған қызығушылық күшейетүсуде. Ол зерттеулерге психолог, педагог, әлеуметтанушылар еңбектері орыналады [3, 446].

Бұл мәселені ғалымдарымыз да жан-жақты қарастырған. Мысалы, Әл-Фараби, Ж. Баласағұн, Қ. А. Яссауи және т. б. ғұлама ойшылдар адамгершілік-имандылық тәрбиесі арқылы адамдар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың біртұтастығын қалыптастыруға болатындығына аса мән берсе [4], А. С. Макаренко мен Я. А. Коменский тұлғааралық қарым-қатынастың тәрбиелік қпалына ерекше назар аударған [5].

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ғұламалары мен ағартушылары Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев және XX ғасырдың алғашқы шірегіндегі қазақ зиялылары Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов өз шығармаларында адам мен қарым-қатынас мәселесін көтерсе, оны шетелдік және отандық философ, психолог, әлеуметтанушы және педагог ғалымдар да әрқырынан зерттеген. Мысалы, қарым-қатынастың философиялық негізін В. С. Библер, Г. С. Батишев, М. С. Каган, Ж. М. Әбділдин, коммуникативтік мәдениет мәселелерін И. И. Зарецкая, А. Н. Васильева, Г. Д. Аулбекова, қарым-қатынастың қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі ролын, ортақтасу арқылы жүзеге асуын, қарым-қатынас барысында иеленіс мәселелерін С. Елеусізова, А. Құдиярова, К. М. Арымбаева, психологиядағы қарым-қатынастың әлеуметтік зерттеулер төңірегінде Б. Д. Парыгин, Л. П. Буева, А. А. Леонтьев, тұлғаны дамытудағы қарым-қатынас мүмкіндіктерін Б. Г. Ананьев, А. А. Бодалев, Л. И. Божович, И. С. Контағы басқалары қарастырған.

Ұжымдағы өзгерістер, сол сияқты ондағы эффективділік деңгейі бір қатар әлеуметтік-психологиялық құбылыстарға байланысты, ал өз кезегінде жалпы ұжым үшін және оның ішіндегі қызметте реттен, яғни бұл құбылыстар ұйымдастырылған өзгерістердің факторы болып қарастырылады.

Көтеріліп отырған мәселе отандық кеңестік және шетелдік авторлармен зерттелінуде. Соның ішінде тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеуші Б. Д. Парыгиннің «Социально-психологический климат коллектива, Пути и методы изучения» деген еңбегін, А. Н. Обозованың «Три подхода к исследованию психологической совместимости», Р. Л. Кричевскийдің, Е. М. Дубовскийдің «Социальная психология малой группы», шетелдік авторлар Я. Л. Мореноның «Социометрия», Л. Фестингер мен Ф. Фидлердің «Экспериментальный метод в наука о обществе» және т. б. жұмыстарын көреміз.

В. С. Мерлин бойынша, ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасипаты, тұлғаның осы ұжымға тән қасиеттерінің қалыптасуына себеп болады, деген В. С. Мерлиннің тұл

ғалықтұжырымдамасын қарастыра-

тын болсақ, тұлғаның психикалық қасиеттері адамның қоғамдық еңбектегі қызметімен байланысты – деп түсіндіреді яғни адамның мінезін сипаттау үшін оның қызметтегі объектіге деген көзқарасын сипаттау жеткілікті. Сонымен В.С.Мерлин бойынша тұлғаның қасиеттерін келесідей сипаттайды [5]:

-Тұлғаның қасиеті найқындайтын қатынас – олардың жеке жақтары емес – сезімнің бүтіндей қатынасы, мысалы, байқампаздық, сезімталдық, зейін – сананың жеке жақтарының қасиеттері.

-Тұлғаның қасиетін сипаттайтын қатынас. Тұлғаның санадан тыс жалпы объективті бір нәрсеге – еңбекке, адамдарға, ұжымға, затқат.с.с. қатынас қасиеттері. Мысалы, бақылампаздық пен ойлану қатынасы адамның өзінің психологиялық әрекетіне жатады, яғни ойланумен бақылау қажеттілігіне.

-Жоғарғы дәрежедегі қатынас-

тұлғаның нақтылық жағдайдағы қоғамдық еңбек әрекетіне қатынасы деп атап өткен.

Тұлғаның қасиетіндегі ерекшелік –

ол тұрақтылық пен беріктілік болады. Соның нәтижесінде тұлға қоршаған ортаға және оның әсеріне қарсы тұра ал ады да өзінің мақсаттарымен міндеттерін жүзеге асыра алады, деген.

Сонымен тұлғаның іс-әрекет жасайтын ортасы ол – топ. Онда тұлғаның жеке қасиеттерінің қалыптасуына жағдай жасалынады.

Еңбек ұжымындағы тұлғаарлық қарым-

қатынасты психологиялық түзетү мәселесінің өзекті болуы, дәл осы мәселенің қазіргі кезде жанаа авторлардың аз зерттеліп жатқан мәселелі аймағына байланысты болып отыр.

Тұлғааралық қарым-

қатынастың теориялық талдануы әлеуметтік психологияның сауалы ретінде бірнеше көзқарастың, заңдылықтарының болатындығын көрсетті. Көптеген ғалымдардың найтуы бойынша, тұлғааралық қарым-қатынасқа әсер ететін бірнеше факторлар бар. Соның ішінде ең көп қолданылатыны, ол топ мүшелерінің сәйкес келуі.

Еңбек ұжымының барлық мәселелерінің түп-

негізі және детоптың қаншалықты ұйымшылдығы мен топтағы әлеуметтік психологиялық ахуалында. Бұл факторлар еңбек ұжымында қарым-

қатынастың ерекшелігі және іскерлік жағымен тікелей байланысты. Ұжымдағы қарым-қатынасқа қарай еңбектің өнімділік мәселесін психологияның теориялық жағынан да қарастыруға болады. Оны негізінде тұлғаара-лық қарабайланыспен ұжым мүшелерінің кәсіби өзін-

өзі бағалауы да бар. Қолданбалы дәрежеде бұл тұлғааралық қарым-

қатынас диагностикасының қандай да бір тиімді әлеуметтік-психологиялық әдістемелерінің деуден тұрады. Ең қызықталарының бірі еңбек ұжымындағы тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерінің алдыналу әдістері болып табылады.

Ашық түрде қалатын мәселелердің бірі – бұл белгілі бір жағдаяттағы тұлғааралық қарым-

қатынасты түзетү құралдарының деп табу. Тренинг – бұл адамның өзін-өзі жетілдіруіне арналған оқытудың арнайы ұйымдастырылған формасы. Тренинг барысында келесі міндеттер шешіледі: әлеуметтік-

педагогикалық білімдерді меңгеру; өзін және басқа адамдарды тану қабілетінің дамуы; өзіндік маңыздылығын сезінуі; қабілет, дағды, нышандарын жан-жақты дамыту.

Ұжым мүшелеріне жүргізілген зерттеу жұмысын және ОПТ мәліметтерін талдай келе, бұл жұмыстың тиімділігінайтқымыз келеді. Қатысушылардың жұмыс нәтижелерін талдауда, олардың көбінде өзбіліктерімен дағдыларының артқаны, жасөспірімдер басқа адамдармен қарым-қатынаста өздеріне деген сенімдерін көрсетті. Бұл дегеніміз қарым-қатынас барысында жанжал деңгейінің төмендегенін көрсетеді.

Сонымен қатар, жүргізілген эксперименттің тәжірибелік маңыздылығымен әлеуметтік-психологиялық тренингтің тиімді болғанына ие болуға болады. Бұл тренинг апробациядан өткен және оны қолданысқа енгізуге болады.

Бұл тренингті өткізудегі кепілдемелеріміз:

1. Кездесулердің жиілігі. Ең қолайлысы, бұлаптасына 1 рет кездесу болып шықты. Осы уақыт аралығында адамалдың өткен кездесуді ойлегінен өткізуіне және жадында сақтап қалуына мүмкіндік берді.

2. Кездесуді өткізу үлгісі. Бұл бағдарламада топтың кірталас және талқығасалынатын жаттығулар мен техникалар кіріктірілген.

3. Қатысушылардың қызығушылығын арттыру. Бұл өтекүрделі мәселе. Сабағымыздың ерекшелігі – тақырыбымен сабақ үлгісі қатаң бағдарлама бойынша болды. Еркін түрде мәселелерді тандап, оларды шешу жоспарда болмағанымен, олардың бір бөлігін шешу етиымсалынбаған. Олардың қызығушылықтарына арттыру мақсатында әртүрлі жаттықтырушы және белсендіруші ойындардың қосуды ұсынамыз.

4. Кездесулер медициналық қорындардан басқа жерде, сондай-ақ ресми емес түрде болғандықтан.

5. Сабақты жүргізілетін жер кең болуы және онда артық жиһаздардың болмағанына абзал.

6. Топтағы болып жатқандарды түсіріп, сонымен қатар оларды талқылау үшін бейнекамераға түсірген дұрыс.

7. Саяхатқашығу, экскурсиялар жасау, спорттық іс-шаралар өткізудің маңыздылығы сабақтарды жүргізу барысында белгілі болды.

Адамдардың агрессиялық күйімен қызыққан зерттеушінің алдында көптеген әдістер мен амалдардың түрлері ашылады. Бұлардың да екі амалы бар. Олар:

Эксперименттік – себеп-салдар байланысынан анықтау барысында сенімділігі береді.

Эксперименттік емес – тұлғааралық қарым-қатынас кезінде кез келген тілекелей араласушылық пен мадақтау, даналшақ жүруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар тұлғааралық қарым-қатынас зерттеудегі түрлі әдістер де қарастырылған:

Сауалнамалар (архивтік зерттеулер, вербалды ақпараттар, анкеталар, тұлғалық шкалалар, басқа адамдардың бағалауы арқылы, жобалық әдістер).

Бақылау (шынайы бақылау, даладан бақылау, тұлғааралық егестер (конфронтация)

Зертханалық бақылаулар –

вербалды агрессияны өлшеуде қолданылады. Психодиагностикада шағын топты әлеуметтік-психологиялық диагностикалаудың бір қатар тесттері бар:

1. Тұлға ерекшеліктерінің әлеуметтік-психологиялық диагностикасы.

- Тұлғаның әлеуметтік құндылықтарының экспресс-диагностикасы.

- Тұлғалық эгоцентризмнің диагностикасы.

2. Топтық композиция диагностикасы.

- Өзін-өзі бағалау дәрежесінің экспресс-диагностикасы.

- Тәуекелге барудайындығының экспресс-диагностикасы.

3. Жекелей және топтық коммуникативтік потенциалының диагностикасы.

- Коммуникативтік бақылаудың диагностикасы және т.б.

4. Топтық және топаралық құбылыстардың психодиагностикасы.

- Топтың ұйымшылдығын зерттеу.

- Топтағы тұлғааралық қатынасты анықтау (Ивашкин, Ануфриева бойынша).

- Кіші топтағы интербелсенді келісушілігінің эксперттік диагностикасы (Чернышев, Сарычев бойынша) және т.б.

Сонымен ұжымдағы тұлғааралық қарым-қатынасты жақсартудың диагностикасы мен әдістерінің сәт түрлі екендігін білдік. Бұл ретте ұжым мүшелерінің арым-қатынасты жақсарту мақсатын даниетінің болғанына абзал. Ал оны жақсарту үшін арнайы мамандардың көмегіне жүгінгенде ғана жақсы нәтиже береді.

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, 2012.

2 Новиков В. В. Социальная психология: феномен и наука. – М.: Изд-во Института Психотерапии, 2007. – 344 с.

3 Леонтьев А. А. Психология общения. – 2-изд., испр. и доп. – М.: Смысл, 1997. – 365 с.

4 Жарықбаев Қ. Б. Қазақ психологиясының тарихы. – Алматы, 1996, – 566.

5 Журавлев А. Л. Факторы формирования стиля руководства в производственном коллективе // Социально-психологические проблемы производственного коллектива. – М.: Наука, 2007. – 109б.

6 Мерлин В. С. «Очерки интегрального исследования индивидуальности». – М.: Педагогика, (1986). – 254 с.

Резюме

В этой статье рассматривается межличностные отношения в трудовом коллективе пути и методы их разрешения. В пользу актуальности проблемы психологической коррекции межличностных отношений в трудовом коллективе говорится то, что до настоящего времени проблема остается на сегодняшний момент мало изученным современным авторами. Практическая актуальность вопроса заключается в том, что проблемы межличностных отношений в трудовом коллективе снижают показатели производительности труда.

Ключевые слова: коллектив, межличностные отношения, трудовая деятельность, взаимопонимания, социально-психологический климат

Summary

This article focuses on interpersonal relationships in the workplace ways and methods to solve them. In favor of the urgency of the problem of psychological correction of interpersonal relations in the workplace says that this problem field remains today little studied by modern writers. The practical relevance of the issue lies in the fact that the problems in interpersonal relationships in the workplace reduce the performance indicators of labor.

Keywords: team, interpersonal relationships, labor activity, mutual understanding, social-psychological climate

МҮМКІНДІГІШЕКТЕУЛІБАЛАЛАРДЫҢҚҰҚЫҚТАРЫНҚОРҒАУСАЛАСЫНДАҒЫХАЛЫҚА РАЛЫҚҚҰҚЫҚТЫҚҚҰЖАТТАР

Г.Қ.Ширинбаева–АбайатындағыҚазҰПУ,п.ғ.к.

Бұл мақалада білім беру саласындағы халықаралық құжаттар негізінде құралған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүмкіндігі шектеулі баланың білім алу дағды тең құқықтар қағидалары қарастырылады.

Тірек сөздер: «инклюзивті білім», «дискриминация», «қолжетімді білім», «ізгілік», «құндылық», «мүмкіндігі шектеулі бала», «әлеуметтік прогресс», «дамудекларациясы»

Әлемдік тәжірибеде мүгедектердің білім деңгейі мен олардың қоғамдық өмірге қатысу деңгейінің арасында тығыз байланыс бар. Бұл байланыс БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған мүгедектерге бұрын болып көрмеген қорғау дәрежесін беретін ХХІ ғасырдың адам құқығын қорғау саласындағы халықаралық бірегей құжаты, Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияда өз көрінісін тапты. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтарын, мен мүдделерін қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының қазіргі заңна-

ма базасы Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық-құқықтық құжаттарының қалыптасты. БҰҰ өзінің дүниеге келуінен бастап қоғамның неғұрлым осы және соғұрлым ақсорталған бөлігі ретінде мүгедектер проблемаларына ерекше алаңдаушылық білдіріп келеді.

Мүгедектерге қатысты мемлекеттік саясаттың басты басымдығы олардың қоғамға кіріктіру саясаты болып жарияланды. Халықаралық құқықтық құжаттардың қатарында Әлеуметтік прогресс пен дамудекларациясында аталған жөн, ол деңгейі мен есе ақыл-ойы кенжелеп қалған тұлғалардың құқықта-рын қорғау мен еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру қажеттігін жариялайды.

Білім беру жүйесінде мүмкіндігі шектеулі балалардың тең құқықтарын жүзеге асырудың бастамашысы ретінде, Біріккен Ұлттар Ұйымы алады (БҰҰ). Өзінің құрылған кезінен бастап (1945 ж.) БҰҰ мемлекет пен үкіметтің назарын мүмкіндігі шектеулі адамдардың сапалы және қолжетімді білім алу құқығын қамтамасыз ету мәселесіне аударып келеді, олар өз кезегінде БҰҰ-ның бір қатар құжаттарында көрініс табады:

- Адам құқықтарының Декларациясы (1948 ж.);
- білім беру саласында дискриминация мен күресу туралы Конвенция (1960 ж.);
- бала құқығының Декларациясы (1959 ж.);
- ақыл-ойы жетілмеген адамдардың құқықтары туралы Декларация (1971 ж.);
- мүгедектердің құқықтары туралы Декларация (1975 ж.).

Алғаш рет мемлекеттер халықаралық деңгейде адамның білім алу құқығын 1948 жылы қабылданған адам құқығының Жалпы декларациясында мойындады.

Онда білім берудің гуманистік құндылығы және бірегейлігі жарияланды: «Білім беру адамзат тұлғасын толық дамытуға және адам құқығын, оның негізгі еркіндігіне деген құрметті арттыруға бағытталуы керек. Білім беру барлық халықтар, нәсілдік және діни топтар арасындағы өзара түсіністікке, төзімділікке және достыққа ықпал етуі керек, сонымен бірге әлемді қолдау бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының іс-әрекетіне ықпал етуі керек».

23 қараша 1959 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы жариялаған Бала құқығы Декларациясында (37), негіз құраушы принциптердің арасында келесі принциптер аталады:

- физикалық, психикалық және әлеуметтік тұрғыдан толық қанды болып саналмайтын балаға, арнайы режим, білім және қамқорлық қамтамасыз етілуі керек.

- баланың тең және міндетті білім алу құқығы бар, бастапқы сатыда балаға білім берілуі керек, ол баланың жалпы мәдени дамуына ықпал етеді және мүмкіндіктердің теңдігіне негізінде өзінің қабілеттерін дамыта алады, қоғамның пайдалымды шәкіл бола алады.

- баланәсілдік, діни және дискриминацияның басқатүрлерін қолдайтын тәжірибеде оқшаулану керек.

Нәтижесінде, 50 жыл бұрын әлемді қауымдастық белгілі бір нормаларды құрды, оларға сәйкес денсаулығын да физикалық, сенсорлы немесе ментальды қаулауларымен байланысты ерекше қажеттіліктері бар балаларға, мүмкіндіктердің теңдігі принципін бұлжытпай сақтауда, қосымша (арнайы) қатынаста лап етілді.

БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мун өз сөзінде: «Қазіргі Конвенцияның іліктерін жергілікті жерлерде нақты жетістіктерге айналдыру үшін нақты қадамдар жасауға тиіс. Біз мүгедектер тап болатын жантөзгісіз теңсіздікті жоюға тиіс. Біз кемсіту мен ескі көзқарасты жеңуіміз керек. Біз бәріне бірдей тең дамуды қамтамасыз етуіміз қажет. Және де біз барған сайын көптеген елдерді, ұйымдар мен жекетұлғаларды осы күш-

жігерге қосылуға жеттігіне сендіруге тиіспіз», - дейді {1}.

БҰҰДБ-сы мақсатқа қолжеткізу жөніндегі ауқымды және ұлттық күш-жігерді ұштастырып, үйлестіруде. БҰҰДБ дамушы елдерге жұмылдыру және көмекті тиімді пайдалану ісінде көмектесіп келеді.

Демек дамыған елдерде қалыптасқан мүгедектерді әлеуметтік қорғау жүйесіне өзара байланысты мүгедектер мен мүгедектердің тең құқықтары принципін Конституциялық және өзгеден нормативтік бекіту, бірқатар бөлгілері, соның ішінде мүгедектік себеп бойынша адамды кемсітуге тыйым салу – бірқатар елдерде мүгедектер үшін теңдіктің Конституциялық кепілдігі белгіленген. 1960 жылы ЮНЕСКО-ның білім беру саласындағы дискриминация мен күресу туралы Конвенциясы қабылдады. Аталған Конвенцияға сәйкес, «дискриминация» ұғымы кез келген айырмашылықты, шығаруды, шектеуді немесе қалауды білдіреді, оны мақсаты білім беру саласындағы теңдіктің бұзылуы немесе жоюдың салдары болып табылады.

Мысалы, Канада Конституциясы мүгедектердің теңдігі және олардың еңбек ітіміне сәйкес қылымды принцип бойынша кемсітуді мүмкін болмайтындығын принципін бекітеді.

Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, 1982 жылғы Бостандықтар мен негізгі құқықтардың Канадалық хартиясының 15-

бабында: «Заңалдында барлық адамдар тең және заңалдында кемсітудің құқыққа ие, атап айтқанда жынысына, ұлтына немесе этникалық теңіне, терісін түріне, дінін ұстанымына, жынысына, жасына, психикалық немесе денесінің кемістігіне қарамастан кемсітілмейді», -

деп көрсетілуі әртүрлі себептер бойынша кемсітуге тыйым салынған жалпы қолданыстағы егжей-тегжейлі заңдардың қабылдануы көптеген дамыған елдер үшін таңсық емес. Дегенмен де Әлемдік қаржыдағдарыс-

сы жағдайында тұрақты өсуді қалпына келтірудің маңыздылығы шарты халықтың барлық тобының, соның ішінде мүгедектердің де бір мезгілде әлеуетін жүзеге асыру мүмкін емес.

Өкінішке орай, әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Қазақстанда мүгедектердің құқықтарын толықтай жүзеге асыруға кедергі келтіретін толып жатқан инфрақұрылымдық, табиғи, құқықтық, коммуникациялық, психологиялық және басқа кедергілер бар. Қазақстан Республикасында барлық дамыған елдердегідей, аталған құқық адамдардың әлеуметтік немесе материалдық жағдайына, жыныстық айырмашылығымен дүние көз қарастарына, денсаулық күйіне және т.б. қарамастан барлық балаларға берілген {2}.

Барлық балалардың білімалуға деген құқығына біздің мемлекетіміз өзінің басты заңында – Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік береді. 1994 жылы біздің еліміз бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясын ратификациялады, өзінің міндетіне ауытқуы және денсаулығымен дамуында қиындықтары бар балаларға «білім беру саласындағы қызметке тиімді қолжетімділікті» қамтамасыз ету міндетіналды, аталған міндет өз кезегінде баланың әлеуметтік өмірге асатылық қанды дәрежеде, мүмкіндінше баулуға және оның мәдени және рухани дамуын қамтып, тұлғасында мытуға әкеледі» {3}.

Заңнамаға сәйкес адамның қоғамды дамыту үшін жағдай құратын әлеуметтік жүйеретінде, білім берудегі жан ақындылықтарды мойындау және тану, өз кезегінде еліміздегі инклюзивті білім берудің дамуына үлкен әсер етті.

Қазақстан Республикасында білім берудің, атап айтқанда, инклюзивті білім берудің сапалы жаңа жүйесін құрудың өзектілігі, әлеуметтік-

экономикалық жағдайлардың өзгеруіне байланысты болады. Білім қоғамының нақпараттық дәуіріндегі инклюзивті білім беру –

бұл болашаққа деген шынайы жол, онда барлық адамдар әрдайым, өмір бойы, өзі үшін, қоғам үшін оқиалады, білімнің негізінде өмірдің жаңа сапасына құраалады. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беруді дамытудың негізіне, келесі негіз құраушы принциптер мен құндылықтар алынады:

1. Жалпы білім беретін мекемелерде оқытуға қолжетімділіктің теңдігі және әрбір баланың сапалы білімалу мүмкіндігі;

2. Әрбір баланың оқытуға деген қабілетін мойындау, соған сәйкес қоғамның сол үшін жағдайлардың құрудың қажеттілігі;

3. Балалардың отбасы аясында даму құқығын қамтамасыз ету, барлық мәдени, білім беру, денсаулық-тығу немдеуші және қоғамның басқа жетістіктеріне қолжетімділіктің болуы;

4. Ата-

аналарды балаларды оқыту дерісіне өз баласының алғашқы мұғалімі және теңсерік тесіретінде баулу;

5. Негізін тұлғалық-бағдарлы және жекетұғыралынатын оқу бағдарламаларын бейімдеу. Бағдарламалар өмір бойы оқытудың дағдыларын дамытуға сәйкес болуы керек және мүмкіндігінше тектеулі балаларға, қоғам өмірін толық қанды қатысум мүмкіндігін ұсынуға бағытталуы керек.

6. Инклюзивті оқытуды мүмкіндігінше тектеулі балалардың ерекше білімалу қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажетті арнайы білім беру жағдайларын құруды қамтиды.

7. Қазіргі зерттеу нәтижелерін жәнетәжірибені оқытудың инклюзивті моделін жүзеге асыруда қолдану;

8. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі пәнаралық және командалық тұғыр, ол педагогтардың, ата-аналардың, логопедтердің, психологтардың, дефектолог-мұғалімдердің, басқа мамандардың қатысуына қамтиды.

Нәтижесінде, инклюзивті білім беру Қазақстан үшін түбегейлі жаңа жүйе болып табылады, онда оқушылар мен педагогтар бір ортақ мақсатта ізгілікті ортада жұмыс істейді - барлық балаларға қолжетімді және сапалы білім беру. Қазіргі заманғы педагогикада интеграция үдерістерінің дамуы, білім берудің жаңа рухани-адамгершілік құндылықтарына дамып келе жатқан рухани дамытуға жағдай жасайтын әлеуметтік жүйеретінде мойындауға, өзін-өзі тануға үлкен әсер етуде. Білім беру жүйесінің қажеттіліктеріне қанағаттандыруы негізгі қағидалары Қазақстан Республикасының білім беру саясатының бір қатар нормативті-

құқықтық құжаттарда көрініс табады. Олар: Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік, медико-

педагогикалық коррекциялық қолдау» туралы Заңы, Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы және т.б. атауға болады.

«Мемлекеттік бағдарламаның» негізінде 2020 жылға қарай Қазақстан Республикасында дамуында мүмкіндігі шектеулі балалар мен ересектерге мектеп және кәсіби білім берудің, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізін қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру жүйесін құруды қарастырады [4].

Қазақстан Республикасынан нормативті-

құқықтық құжаттарда және қоғамда, «инклюзивті (немесе енгізілген) білім беру» термині негізінен, мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мектептерде оқыту үдерісін сипаттау үшін қолданылады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, инклюзивті оқытудың тұлғалық-

бағдарлы әдістерін қамтитынына тауға болады, олардың негізінде әрбір балаға оның жеке ерекшеліктеріне сәйкес, психологиялық, физикалық, даму ерекшеліктері, темпераменті, жынысы, отбасы мәдениеті.

Қазақстандағы мүмкіндігі шектеулі балалар мемлекеттің қорғау субъектісіне құрайды. Осыған орай, әлеуметтік көмек мөлшері мен түрлерінің тау мақсатында, аурулардың сипаты, күрделілігі, қажетсіз дәрежесі, мүмкіндіктері мен шектеулерінің тау, топтастыру үшін әлеуметтік диагностикалау жұмыстары ұйымдастырылады. Ол үшін мекемелер арасында арнайы құрамына психолог, медицина қызметкері, әлеуметтік педагог кіріктірілген медико-психологиялық-педагогикалық комиссия құрылады. Комиссияның басты қызметі балаларды тексеруден өткізіп, даму деңгейін, мүгедектік сипатын және түрлерін т.б. анықтайды. Осы жұмыстан кейін ғана баланың ата-

анасы, туысқандары мен кеңес отырып оны әртүрлі сауықтыру, оңалту орталықтары мен мекемелерге орналастыру, әлеуметтік көмектүрі, медициналық, педагогикалық, психикалық жәрдем беру жолдары қарастырылады. Яғни мемлекеттің ролі тек әлеуметтік қызмет көрсету орталығының көмегін қажет ететіндердің санын анықтауға ғана емес, сонымен қатар мүгедектердің отбасының материалдық жағдайына сәйкес отырып, мүгедектікті белгілі мекемеге орналастыру немесе тіркеу еселігін анықтау. Бұл жағдайлар мен тек мемлекеттің әлеуметтік қызметі ғана емес, сонымен қатар оның беделдігі де анықталады.

Медициналық-әлеуметтік көмек медициналық әлеуметтік ұйымдар тобын құру және дамыту жүйелерін түсіндіреді. Жоғарыда анықталған мүгедектердің әлеуметтік қорғаудың көп қажеттеуі, негізінен, қазіргі кезде әлеуметтік-

тұрмыстық мәселелер төңірегінде тұрғандығын көрсетеді. Бұл стационарлы мекемелерде тұрмайтын мүмкіндігі шектеулі мүгедеке адамдарға әлеуметтік көмек көрсетудің қазіргі даму кезеңінде әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетуге негізделіп отырғанын көрсетеді. Соның арасында олардың қызметтеріне ағартулық-кеңес беру, медициналық-педагогтардың арнайы білім беру институттарының құруы олардың мүмкіндігі шектеулі адамдарға өзіндік қолдау алуына мүмкіндік береді. Бұдан шығатын қорытынды: мүгедек балалар өмір сүруінің әртүрлі саласындағы қоғамдық қатынастарды басқаруға сәйкес арнайы қабылданған заңдылықтар, мүгедек және мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік қорғалуы жолындағы мемлекеттің саясатының негізгі мақсаттары мен міндеттері әлеуметтік педагог, дефектологтың функционалдық қызметі арқылы үйлесімді түрде жүзеге асырылады [6].

Мұның бәрі жергілікті мәдени ортада бейімдеу және дамытуға білімді барқұшты, динамикалық және тірі ағзаны құрады. Инклюзивті білім берудің табысты болуы, көп жағдайда мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының басшылығы мен персоналының ұстанымы тұрғысында, бірінші кезекте, инклюзивті білім беру идеясын қолдау мен анықталады. Алайда, егер инклюзивті білім беруді ұйымдастыруға қатысат

ынадамдардың ауантүрлік қандылықтары болса, немесе бүл қандылықтар нақты анықталмаса, онда инклюзивті білім беру жүйесі оңай бұзылуы мүмкін. Бүл тұрғыда философия және инклюзивті білім беру принциптері, әрбір педагогтің жетістігі болуы керек. Ол үшін, инклюзивті білім берудің барлық деңгейлерінде бір қатар іс-шаралар кешені жүзеге асырылуы керек:

-кедергісіз ортаны құруға арналған білім беру ұйымдары техникалық жабдықтау (пандустар, көтергіштер, арнайы жабдықталған жеті жана, емдеу физкультурасының кабинеті, психомоторлық коррекция кабинеті, логопедиялық және коррекциялық сабақтарға арналған бөлмелер, медициналық кабинет, спортзалы және т.б.);

-мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білім беру ұйымдарына бейімдеуге арналған медико-психологиялық-педагогикалық қолайлы ортаны құру;

-инклюзивті білім беру жүйесіне арналған ЖОО-да мамандардың кәсіптік даярлау;

-мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға арналған бейімделген білім беру бағдарламалары;

-ата-

аналармен бірлесіп құрастырылған, мүмкіндігі шектеулі білім алушыларға арналған сабақтардың жеке жоспарлары;

-білім беру үдерісін реттелген нормативті-

құқықтық құжаттармен, қаржылық және заңгерлік тұрғыда қамтамасыз ету.

Осылайша, инклюзивті білім беру мәселесі күрделі, пікірталастың ұрады, бірақ ең бастысы – олшындығында әлеуметтік болып саналады, себебі оны шешу барысында адамдардың ауқымды санының мүдделері қозғалады. Инклюзивті білімсіз инклюзивті қоғам құру мүмкін емес: қазіргі кездегі елдерде білім беру саласындағы мүмкіндіктердің теңсіздігі, балалардың ата-аналардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі, қабілеттері, психофизикалық, тілдік, мәдени, этникалық, діни және басқа айырмашылықтары негізінде іріктеу мен сегрегациялау, әлеуметтік кикілжіңдердің туындауына, қоғамдағы зорлық-зомбылыққа және тұрақсыздыққа алып келді.

Соған сәйкес, қоғам кез келген адамға білім алудың түрін, оның қызығушылықтары, қажеттіліктері, мүмкіндіктеріне қарамастан таңдау құқығын ұсынуы керек. Білім беру саласындағы ұсыныстардың кендігі мен ауқымдылығы қамтамасыз етілуі керек. Инклюзивті білім берудің ірі мәселесін сауатты шешпейінше, дамуында ауытқуы бар адамдардың конституциялық құқығын таптау тәжірибесін жоймай-ынша, олардың намысын төмендетіп, әлеуметтік дискриминация көріністерін жоймай, Қазақстан Республикасының өркеніне тітімлекет бола алмайды.

1 Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасы (БҰҰДБ). "Нұр Отан" ХДП Парламентаризм институты, - Астана, 2009.

2 БҰҰ Бас Ассамблеясының 1829-

шыпленарлық мәжілісінде қабылданған. БҰҰ Бас Ассамблеясының 2542 (XXIV) резолюциясы, 1969.

3 Қазақ Республикасының Конституциясы // Қазақстан мектебі, 1995.

4 Қазақстан Республикасында 2011-2020 жылдар аралығында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2010.

5 «Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғау туралы» ҚР 2005 жылғы 13 сәуірдегі №39 заңының 21-бап 2-тармағы.

6 ҚР мүгедектерін реабилитациялаудың (оңалту) 2002-

2005 жылдарға арналған Бағдарламасы. ҚР Үкімет жарлығымен 2001.12.12. №1758.

Резюме

В данной статье рассматриваются права детей с ограниченными возможностями в получении образования, разработанные на основании международных документов в образовательной сфере в соответствии с законодательством РК.

Ключевые слова: «инклюзивное образование», «дискриминация», «доступное образование», «гуманизм», «ценность», «ребенок с ограниченными возможностями», «социальный прогресс», «декларация развития»

Summary

In this article equality of children with limited opportunities in education developed on the basis of the international documents in the educational sphere according to RK legislation is considered

Keywords: "inclusive education", "discrimination", "available education", "humanity", "value", "the child with limited opportunities", "social progress", "the declaration of development"

УДК: 159.99

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯ МАҢЫЗЫ

А.Н. Умирбекова – I курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ

Бұл мақалада психологиялық пәндерді оқытудағы инновациялық технологияларды қолданылудың ерекшеліктеріне, оның тиімділігі мен тұлғаға берер әсеріне қысқаша тоқталған. Сонымен қатар инновация, әдіс, оқыту әдісі, мәселелі оқыту әдісі сияқты түсініктерге анықтама беріліп, олардың өзара байланыстылығы айқындалған.

Тірек сөздер: психология, инновация, инновациялық әдістер, психологиялық пәндерді оқыту әдістемесі

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті міндеттерінің бірі дамудың инновациялық жолын атқару болып табылады, ол ретте экономиканың бәсекеге қабілеттілігі және тиімді-лігі артуының басты қоры-интеллектуалды ресурс. Инновациялық іс-әрекетті іске асыру үшін инновациялық процесті басқару формаларын, құралдарын және әдістерін игерген мамандар сақажет. Мемлекетіміздің инновациялық даму жолына ауысуын, білім беру мен тәрбие аясына жаңалық енгізіп, безген іске асыру мұмкін емес.

«Қазақстан 2030» стратегиялық бағдарламасын приоритетінің бірі ұлттық білім моделін қалыптастыру мен ден-циясымен және Қазақстан білім беру жүйесін бүкіл әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру інісі патта-латын білім беру саласы болып табылады. Қазір бүкіл әлемде индустриялық қоғамнан интерактивті қатынас жасауға оны жүзеге асыратын техникалық мүмкіндіктерді дамытып отыра алатын информация-лық қоғамға, яғни, негізгі рөлдің информацияны алу, өңдеу, сақтау, тасымалдау, тарату және пайдалану істерін атқаратын жаңа қоғамға көшу процесін жүріп жатыр. Жаһандық білім беру тенденциялары, ең алдымен мына қасиеттермен сипатталады: білім берудің жалпылама және үздіксіз болуы, тұлғаға бағытталған білім беру; жаңаға бейімделу біліктілігі және шығармашылықтың дамуы; танымдық іс-әрекет әдістерінің адамдардың белсенді түрде игеруі [1, 36].

Бүгінгі күннің мәселелері барлық білім беру формаларына жаңа талаптар қояды. Білім беру жүйесінде мұндай комплексі мәселе, білім беру сапасы болып табылады, ол дегеніміз мамандардың алдына қойылған мақсат және міндеттері. Білім беру сапасы әлеуметтік белсенді және кәсіби негізде қажетті тұлғаны қалыптастыруды қажет етеді.

Қазіргі таңда психология барлық білім беру жүйелерінде оқу бағдарламаларына енгізілген, қандай деңгейдегі және түрлі бағыттағы мамандарды даярлауға қарамастан, барлық психолог мамандарға бір-біріне өзекті мәселе— оқыту әдісінің игеруі.

Психологияның оқыту әдістемесі оқу үрдісінде алған нақты материал мен теориялық білім берудің практикалық жағдайында (оқушылардың психологиялық таңдауы, педагогикалық-психологиялық диагностика және психикалық дамудың прогностикасы, оқытудың сәттілігінің болжамдануы және жақсы оқытудың амтамысыз етуге қажетті психологиялық жағдайдың анықтау, ата-аналармен жұмыс және т.б.) көптеген практикалық міндеттерді шешуге маңызды мәні бар.

Психологияның оқытудың әдістемесі— бұл студентті қалай оқыту туралы ғылым емес, оқу мен қызықтырып, еліктіріп өз бетінше оқуды үйрету. Оқу ісімен айналысу— студентті өз мамандығының шебері болуына жетелейді, алоқытушының қызметі студенттің жақсы маман болып шығуы үшін тиімді ұтымды жолдардың ұйымдастыру. Оқу іс-әрекетінің психологиялық теориясын қарастырайық. Психология пәнінің оқытушысы ең бастысы— оқыту ісі теориясының негізгі заңдылықтарын білуді керек. Бұл— оқыту әдістемесін дұрыс құрастыру үшін, яғни білімді меңгерудің заңдылықтары нескеру үшін қажет. Д.Б.Эльконин мен В.В.Давыдовтың трактатында оқу ісімен айналысу— студенттердің теориялық білімдерді меңгеріп, ойлануының қарқынды дамытуға бағытталған іс-әрекет делінген [2, 116].

Кең көлемде әдістер мен інінің адамның алғашқы қойылған мақсатына қол жетудің үшін ұмтылысынан туындайтын теориялық және практикалық әрекет деп қарастырады. Т.А.Ильин пайымдауынша, әдіс білім алушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру жолы. Келесі анықтамаға тоқталар болсақ: оқытудың әдісі— бұл оқытушы мен білім алушылардың бірізді және өзара байланысты әрекеттерінің жүйесі, ол білім беру мазмұнын меңгерудің амтамысыз етеді.

Білім беру жүйесінің дамуының қазіргі таңдағы деңгейі әлем бойынша дәстүрлі оқыту аясынан шығуға ұмтылады, және педагогикалық теория мен практикада қалыптасқан оқыту процестерінің амалдарын қайта қарап және игеруді талап етеді. Соңғы он жыл ішінде біздің елімізде, өзге елдерінде дей жоғары нәтижелі оқыту жүйесін құру бойынша зерттеулер жүргізілуде, ол өз кезегінде практика барысынан инновациялық оқыту технологияларын ендіруді қажет етеді, атап өтер болсақ: тұлғаға— бағытталған, диалогтық, модульдік, рефлексивті— шығармашылық, ақпараттық— компьютерлік және т.б. [3, 96].

Бұл тұста инновация дегеніміз білім беру жүйесіндегі болашағы зор жаңа ендірулер, олар дамуға жағымды

серетеді.

“Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Раджер инновацияны былай шатүсіндіреді: “Инновация – нақтылы бірадамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйеліміндеттеріміздің жүзеге асуын, шешім-дерін күтеміз”, – дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің түйіскен жерінде пайда болады да, беріктүрде жаңа мақсатты шешуге бағытталады, педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейді. Масырова Р. Линчевская Т. – “Жаңару” дегенімізді былай деп түсіндіреді: “Жаңару – белгілі бірадам үшін әділ түрде жаңа ма, әлде ескі ме оған байланысты емес, ашылған уақытынан бірінші қолданға нуақыты-мен анықталатын жаңа идея.

